

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Қос Естек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 16 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 26 сәуірде № 3-6-155 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Қос Естек ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 42 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Қос Естек ауылдық округі әкімінің 27.09.2018 № 42 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Қарғалы аудандық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2018 жылғы 14 наурыздағы № 2 -9-05/24 ұсынысы негізінде, Қос Естек ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі мүйізді қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қос Естек ауылдық округі, Қос Естек ауылындағы Бірлік, Ж. Жабаяев және Ш. Балниязов көшелері аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қос Естек ауылдық округінің әкімі

Г.Б. Досмағамбетова